

утверждением личной власти И. Сталина большинство форм народовластия вообще перестают действовать.

Важнейшим результатом политико-правового развития Казахстана после Октябрьской революции стало провозглашение автономии, вначале демократической (Алаш), а затем и советской. При всех издержках и недостатках советской формы государственности факт юридического закрепления границ республики и признание национально-территориальной автономии заложили основу конституционной эволюции Казахстана вначале в рамках РСФСР, а затем и в качестве самостоятельного субъекта СССР. В то же время развитие государственно-правовой системы характеризовалось отказом от демократических принципов народовластия, игнорированием принципов законности и господством репрессивных мер борьбы с реальными и потенциальными противниками власти.

*Материал поступил в редакцию: 26.09.2017*

**ӘБІЛ, Е.А.**

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЭВОЛЮЦИЯСЫНДАҒЫ АЛАШ РӨЛІ**

*Мақала Алаштың либералдық-демократиялық партиядан автономияға дейінгі қалыптасу кезеңін қарастырады. Мақала авторы Алаш автономиясының даму кезеңдеріне тарихи талдау жасап, Алаш қайраткерлерінің елдегі жағдайларға қатысын және ұстанымдарын айқындап, мемлекеттегі саяси ахуалды танытады.*

*Мақаланың мәнін ашатын сөздер:* «Алаш» партиясы, Алаш Орда, либералдық демократтар, автономия.

**ABIL, E.A.**

**THE ROLE OF ALASH IN CONSTITUTIONAL EVOLUTION IN KAZAKHSTAN**

*The article is devoted to the formation of Alash from liberal democratic party to autonomy. The author of the article scrutinizes the historical analysis of all stages of movement having the political situation to be disclosed in the country in general marking the attitude of Alash activists to these changes and their position.*

*Keywords:* Alash party, Alash-Orda, autonomy.

**ӘОЖ 1751**

**Алиева, Д.А.,**

*филология факультеті, п.ғ. магистрі ҚМПИ,  
Қостанай, Қазақстан*

**Абдрашева, А.К.,**

*филология факультеті, гум.ғ. магистрі  
ҚМПИ, Қостанай, Қазақстан*

**МҰҒАЛІМНІҢ ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ  
ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Түйін**

*Бүкіл әлемдік білім кеңістігіне ену мақсатына сәйкес бүгінгі таңда Қазақстанның білім беру саласында түбегейлі өзгерістер жасалуда. Қазіргі жүргізіліп жатқан түрлі бағыттағы сол жетілдіруді оқушыларды өзгермелі қоғамда өмір сүруге жан-жақты дайындауды қажет етеді. Ал мұның барлығы да мұғалімнің кәсіби шеберлігін шыңдаумен, оқыту үдерісін жаңаша ұйымдастырудың жолдарын таба алу мүмкіндіктерін кеңейтумен тығыз ұштасып жатыр.*

*Мақаланың мәнін ашатын сөздер: инновациялық технологиялар, әлемдік бәсекеге қабілетті білім беру, мұғалімдердің оқытудағы инновациялық іс-әрекет даярлығын қалыптастыру.*

Қазақстанның өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында, жаңа заман талаптарына сәйкес мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастырудың моделін жасауда ең алдымен ғылымның қазіргі кезеңдегі әдіснамасына, педагогиканың әдіснамасына, әдіснамалық негіздемесіне сүйену қажет.

Білім берудің жаңа парадигмасының пайда болуы мәдени-өркениет парадигмасын практикада жүзеге асыру үшін мұғалімдердің оқытудағы инновациялық іс-әрекет даярлығын қалыптастыру қажет. Ол дегеніміз: әлемдік бәсекеге қабілетті білім беруді жүзеге асыратын жаңа парадигманың қоғамды дамытудағы үлесі, жалпы орта білім беретін мектептердегі инновациялық өзгерістер, оқу-тәрбие үрдісінде жаңа ақпараттық, коммуникациялық технологияларды кеңінен пайдалану және т.б. [2; 5].

Инновациялық педагогика әдіснамасын білу мұғалімге өз іс-тәжірибесін жинақтауға, насихаттауға, таратуға көмектеседі. Осындай практикадан өту барысында кез келген әдіснамалық идеяның ауқымы кеңейіп, мазмұны тереңдей түседі.

Ғалымдар инновациялық педагогика әдіснамасын 4 деңгейде қарастырады:

I деңгей – гносеологиялық: педагогикалық құбылыстар мен үрдістерді талдауға қатысты жалпы ғылымилық бағыттылықты қалыптастыру;

II деңгей – дүниетанымдық: қоғамдық құбылыс негізінде баланың білім алуда, тәрбиеленуде, оқуда, педагогикалық іс-әрекетте жеке тұлға ретінде қалыптасып дамуы факторларын қарастырады;

III деңгей – ғылыми-мазмұндық: педагогика ғылымының заңдылықтарын негіздеу және адамды тәрбиелеу, оқытудың теориясы мен әдісдемесін қарастырады;

IV деңгей – логикалық-гносеологиялық: педагогика пәні мен объектісін, оның негізгі ұғымдарын қарастырады, педагогика ғылымының басқа ғылымдармен байланысын қарастырып, іргелі және қолданбалы зерттеулерді жүргізіп, педагогиканың дамуына болжау жасап, пәндерді оқытудағы жаңа инновациялық іс-әрекет қалыптастыруға жағдай туғызады [1; 15].

Қазіргі кезеңде ғылымда жеке шығармашылық үрдіс туралы көзқарас өзгерді. Қазір әрбір ғалымның соңында оның ізбасарлары бар, ғалымның жеке мектептері, ғылыми мектептері жұмыс жасауда, ғылыми мектептер ашылуда. Жалпы «мектеп» ұғымы оқушылар дайындау, ізбасарларды даярлау, яғни оқушыға дайын білімді беру, жеткізу, насихаттау және тарату дегенді білдіреді. Ал ғылыми мектептің жай мектептен айырмашылығы бар. Ғалым М.Г. Ярошевскийдің тұжырымы бойынша, «ғылыми мектептердің ашылуының себептері тек қана зерттеу бағытымен ғана түсіндірілмей, ғалымдардың жалпы проблема мен бағдарламаларды құрастырудағы бірлескен күш-жігерлерін қажет ететіндігінен іздеу керек». Сонымен, ғылыми мектептің жалпы білім беретін мектептен айырмашылығы, оқыту мақсатынан бөлек, жаңа білімді ашу мақсатын көздейді [4; 34].

Қазірдің өзінде де мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыруда ғылыми мектептердің алатын орны ерекше. Әдебиеттерде ғылыми мектептер әртүрлі бағытта қарастырылады: кейінгі буын өкілдерін ғылыми біліммен қарауландыру бағытындағы ғылыми білім бер мектептері; көкейтесті проблемаларды шешуді көздейтін ғылыми бағыты бар мектеп; ғылыми проблемалармен айналысатын ұжымдық бірлестік [4; 36].

Тағы бір қатар авторлар инновацияны қоғамдық қажеттіліктерді жүзеге асыру және орындау үшін, әлеуметтік орта жасаған жаңалықтарды заман талабына сай қолдану, тарату үрдісі ретінде түсінеді. Бұл анықтамалар тәжірибе қажеттігіне қарай берілгендігі байқалады. Зерттеуші ғалымдар «алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибенің» мәнін аша отырып, оның мазмұнын бір-біріне қарама-қайшылықсыз пікірлермен толықтыра түседі. Біз теория мен практикада «алдыңғы қатарлы тәжірибенің» әртүрлі анықталуына байланысты оның төмендегідей ерекшеліктерін айқындадық: оқу-тәрбие үрдісінің даму қажеттіліктеріне сәйкес-

тігі; мазмұн байлығы мен ізденіске бағытталуы; алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені нақты жағдайда қолдана білу.

Өзін-өзі көрсете білген шебер мұғалімдердің жұмыс жүйесін зерттеп-жинақтау озат тәжірибені кеңінен таратудың басты формасына жатады. Бұл жұмысты педагогикалық кеңестің шешімі бойынша әдістемелік пән бірлестігі атқарады. Жоспар бойынша зерттеу жұмысы ең алдымен танысу және бақылау кезеңдерінен өтеді:

1. Іс-тәжірибесі зерттелетін мұғалімнің өзімен сабақ беретін сыныптардағы сынып жетекшілері мен оқушылардың үлгерімі және тәртібі, олардың қоғамдық жұмысы мен қоғамдық пайдалы еңбекке қатысу және белсенділігі туралы әңгіме жасалады, зерттеуші кейбір мәселелерді анықтайды.

2. Оқу-тәрбие жұмыстарына байланысты соңғы екі-үш жылдардың ішіндегі құжаттар зерттеледі. Олар: сабақ жоспары, тақырыптық, күнтізбелік жоспар, сынып жетекшілерінің тәрбие және үйірме жұмыстарының жоспары, сынып журналы, оқушылардың дәптері, рефераттар, техника және көркем шығармашылық жұмыстары, мұғалімнің әдістемелік және педагогикалық тақырыптарға жасаған баяндамалары, журнал беттерінде жарияланған мақалалары мен басқа еңбектері.

3. Алдын-ала тәжірибесі зерттелетін мұғалімнің сабақтарына кіріп, тәрбие жұмыстарына қатысып бақылау жүргізіледі.

4. Зерттеу жүргізілетін сыныптардағы басқа мұғалімдердің сабақтарына немесе тәрбие жұмысына қатысып, олардың іс-нәтижелері тәжірибесі зерттелетін мұғалімнің жұмысымен салыстырылады.

5. Басқа сыныптарда немесе басқа мектептерде осы бойынша ұқсас тақырыптарға өткізілетін тәжірибелік сабақтарына кіріп, олардың жұмыс нәтижесі, тәжірибесі зерттелетін мұғалімнің жұмысымен салыстырылады [5; 205].

Жаңашыл мұғалімдердің орта, жоғары мектеп мұғалімдері мен оқушыларының игілігіне айналады. Сондықтан, олардың тәжірибесін зерттеуге зор көңіл аударушылық байқалып келеді. Өйткені, әрбір жаңа педагогикалық құбылыс талқылауды, зерттеуді және талдауды қажет етеді.

Ғылыми шығармашылық ізденістің тек басында не аяғында емес, ол тұтас педагогикалық үрдіске толығымен енеді. Сондықтан, педагогикалық инновация үздіксіз ғылыми-зерттеу қызметін талап етеді. Озат тәжірибені зерттеу және оны тұтас педагогикалық үрдісте енгізу қажырлы еңбекті, терең сауаттылықты, өз пәніне еркін иелік етуді, теория мен практиканың дамуында үнемі жаңалықты біліп отыруды талап етеді. Осындай дербес және мұғалімдердің білімін жетілдіру институты қызметкерлерінің тікелей қатысуы, олардың шығармашылық белсенділігін арттыруға үнемі ғылыми-педагогикалық әдебиеттермен және педагогикалық-психологиялық ғылымның жетістіктерімен танысып отыруға мүмкіншілік жасайды. Мұғалім озат педагогикалық идеяларды және жаңашыл мұғалімдердің тәжірибесін меңгеру үшін оларды өзінің педагогикалық жүйесінің құрамдас бөлігі етіп, жетілдіріп дамытады [6; 56].

Қазіргі кезде педагогикалық инновацияның білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелерінің бірі – жаңалықтарды топтастыру. Мұғалім үшін ашылған жаңа әдісті жан-жақты түсіне білу үшін, бұл жаңалықтың басқа жаңалықтардан ерекшелігін, айырмашылығын, артықшылығын көре білу қажет.

Ал қазіргі педагогика баланы оқу іс-әрекетінің субъектісі ретінде қарастырады. Тұлғаның қоршаған ортамен барлық іс-әрекеті айқын көрініс табады. Адам өзін қоршаған ортада өзінің «Мен» деген санасымен, көзқарасымен субъективті бағыт ұстанады. Талап ететін педагогикадан қарым-қатынас педагогикасына өту балаға ізгілік-тұлғалық бағыт ұстануды көздейді. Ол мектепте, баланың тұлғасына, ішкі жан дүниесіне бағытталады, оны ұғынуға тырысады, баланың ашылмаған, құпия қабілеттері мен мүмкіндіктерін ашуға тырысады. Мектептің мақсаты – жеке тұлғаның еркін дамуына толық мүмкіндіктер жасау, оның өмірге деген құлшынысын, ішкі сезімін ояту. Тұлғаға деген осындай жаңа көзқарас мектепте бала өзін то-

лық адами тұлға деп сезінуге жол ашады, ол педагогикалық үрдістің объектісі емес, субъектісіне айналады [7; 113].

Қазіргі кезеңде мектепті реформалауда ізгілендіру ұғымы білім беру жүйесіндегі «мұғалім-оқушы» арақатынасының жаңа бағытта жүргізілуін талап етеді: оқушының өзін-өзі бағалауы, оның шығармашылығының дамуына жан-жақты қолайлы жағдай жасау.

Білім беруді ізгілендірудің төмендегідей шарттары бар:

- оқыту үрдісі жеке тұлғаның өзін-өзі анықтау, өзін-өзі жетілдіру бағытында өтеді;
- оқыту үрдісі ішкі мотивацияға негізделеді, сыртқы мотивацияны ұйымдастырумен тиімді үйлеседі, тұлғаның ішкі сұранысын қанағаттандырады;
- тұлғаны дамыту біртұтастықта жүреді: баланың интеллектуалды, физикалық, эстетикалық дамуы бірлікте қарастырылады;
- оқыту оқушының өз бетінше іс-әрекетіне негізделеді, себебі әрбір оқушының қабылдау, меңгеру, есте сақтау қабілеттері мен мүмкіндіктері әр түрлі;
- оқыту ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға арқа сүйейді, оқушының психологиялық-физиологиялық ерекшеліктері толық ескеріледі [7; 405].

Жалпы білім беретін мектептің оқу-тәрбие үрдісіне жаңа педагогикалық технологияны ендіру қажеттігін негіздей отырып, дәстүрлі оқыту жүйесінде мұғалім қандай кедергілерді, қиыншылықтарды кездестіргенін қарастыралық:

1. Жаңа тақырыпты меңгеру кезінде мұғалім әрбір оқушыны бақылай алмайды: «оқушы жаңа тақырыпты меңгерді ме, жоқ па?» бұл сұраққа толық жауап бере алмайды және бұл жаңа тақырып оқушының үй тапсырмасын өз бетінше орындауына ешбір қиындықтар тудыра алмайтындығын және кесіп айта алмайды, мұғалім оқушы үй тапсырмасын қалай орындайтынын айта алмайды. Тақырып меңгерілгеннен кейін мұғалімде әрбір оқушының оқу материалын қалай меңгергендігін тексеруге мүмкіндік жоқ. Өткен тақырыптарды оқушылардың қалай меңгеріп, алған білім, білік, дағдылары жайлы толық ақпараттар ала алмайды, яғни кері байланыс жұмыс істемейді, осының салдарынан оқушылардың білім сапасы мен интеллектуалды дамуы жақсармайды.

2. Егер оқушы мен мұғалім арасында кері байланыс орныққан деп есептесек (кейбір озат жаңашыл мұғалімдердің іс-тәжірибесінде кері байланыс байқалады) және мұғалім әрбір оқушының білімін тексеруге қандай да мүмкіндіктер қарастырғанның өзінде де оны «ертеңге» қалдырмай (ертең басқа жаңа тақырып өтіледі ғой!) осы сабақта оқушының жіберген қателіктерін қалай түзету керектігін біле бермейді. Әрбір оқушымен жеке жұмыс істеу керек, себебі әр оқушының жіберген қателіктері әртүрлі. Мысалы, сыныпта әртүрлі себептермен, аурумен бір немесе бірнеше сабақтарды жіберіп алған оқушылар болады. Осы жағдайда мұғалімге не істеу керек? Бұндай оқушылармен қатемен жұмыс түгіл, тақырыпты қайта түсіндіру керек. Мұғалім не істеу керек? Мұғалімге сыныптың әрбір оқушысының өткен тақырыпты қалай меңгергендігі жайлы толық мәлімет, ақпарат керек болмайды, егер ол әрбір оқушымен жеке жұмыс жасап, олардың әрқайсысының жіберген қателіктерін түзетумен айналыспаса. Сонда қалай, мұғалімге оқушының білімі мен біліктілігі жайлы толық мәлімет, ақпаратты білу қажет емес пе? Ол бұл мәселені шеше алмайды, себебі кейбір оқушымен аз ғана жүргізілген эпизодтық жұмыстар ешбір нәтижесін бермейді. Тек кейбір мұғалімдер, өз ісінің шеберлері, озат мұғалімдер ғана өз іс-тәжірибесінде айтарлықтай нәтижеге қол жеткізіп жүр. Дегенмен келелі сұрақ туындайды: қандай бағамен бұл жетістік жүзеге асады? Ал осындай бағамен, дәл сондай жетістіктерге қол жеткізуге жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің қолы жете ме? Әрине, жоқ. Үлкен табыстарға, жетістіктерге жеткізетін жалпы жол бұл емес, өйткені ешқандай жаңалық пен шеберлік бұл жерде көмегін тигізе алмайды. Бұны 2003-2004 оқы жылында алғаш жүргізілетін ұлттық бірыңғай тестілеудің (ҰБТ) нәтижесі айғақтап берді.

3. Жалпы білім беретін орта мектептің басты мақсаты оқушының толық дамуына қажетті білімдер жүйесін ғана беру емес, сондай-ақ мектепті бітіруші түлектер мектепті бітіргеннен кейін өз білімдерін әрі қарай өз беттерінше толықтырулары қажет. Дәл осындай өз бетінше жұмыс жасау, өз бетінше білім алу, кез келген кітаппен, басқа да ғылыми әдебиет

көздерімен өз бетінше жұмыс жасауды үйрене алмайды. Неге мектеп мұғалімдері өз оқушыларына 11 жыл ішінде осындай қажетті біліктілікті, дағдыны үйрете алмайды (11 жылдың ішінде 1 оқушыға кем дегенде 22-25 мұғалім сабақ береді екен, сонда 1 оқушыға осы 22-25 мұғалімнің бірде бірінің әлі келмегені ме?!). Бұның себебі неде?

Бұның себебі білім бері жүйесінің өзінде жатыр: әрбір пән бойынша әрбір тақырыпты мұғалім бәрі, тіпті артта қалушы оқушылар да меңгеретіндей «бәріне түсінікті» етіп жеткізуге «міндетті» еткендігі. Ал бұл – оқулық бойынша әрбір тақырыпты меңгеру қиындығы алынып тасталып, оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуін болдырмайды дегенді білдіреді. Оқушылар оқулықпен өз бетінше жұмыс істеуі үшін, ең бірінші оқушыларға тақырыпты алдын ала түсіндіру болмауы қажет, яғни қиындық деңгейлері, әртүрлі жаңа тақырыптарды оқушы жүйелі түрде мұғалімнің түсіндіруінсіз өзі меңгеруі қажет, ал бұл мектептің оқу-тәрбие үрдісіне деңгейлік саралауды қамтамасыз ететін жаңа педагогикалық технологияны ендіргенде ғана мүмкін болады: оқушы жаңа тақырыпты мұғалімнің түсіндіруінсіз, тек оның басшылығымен меңгеріп, жаңа ұғым, анықтама, заңдылықтарды өзі қорытып шығарады.

4. Осы кезеңге дейін оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, олардың әртүрлі пәндерге деген қызығушылықтарын қанағаттандыру бойынша мәселелер көтерілгенімен, әлі де бұл мәселе өз шешімін таба алмай отыр. Мәселен, оқушылардың сүйікті пәндеріне деген қызығушылықтарын қанағаттандыру үшін әртүрлі пәндік үйірмелер, факультативтер, қосымша сабақтар өткізілуде, бірақ олардың да нәтижесі мардымсыз. Бұның бірден бір себебі мынау: оқушы білімнің негізі болатын оқу материалдарын оқушы жетік меңгергенде ғана оның шығармашылық қабілеттерін ашуға болады. Сонымен, оқушының шығармашылық қабілеттерін ашу үшін, ең алдымен оған мемлекеттік стандарт бойынша меңгерілетін білім мен біліктіліктің ең төменгі (минималды) мәнін меңгертуіміз қажет.

Ал дәстүрлі оқыту жүйесінде көптеген оқушылардың оқу бағдарламасын толықтай меңгеруіне мүмкіндік жасалмаған, сондықтан да көптеген мұғалімдер алдағы уақытта оқытудың негізгі креативті ойлау мен репродуктивті әдістер болуы қажет деп санайды. Дәстүрлі оқыту жүйесінде мұғалім проблемалық оқытуды жүзеге асырса, ол бұны ең төменгі деңгейде ғана жасай алады және көптеген оқушылардың ғылымға, шығармашылыққа деген үлкен қызығушылықтарын қанағаттандыра алмайды. Сондықтан проблемалық оқыту жүйесінде тіпті қабілетті деген оқушылардың өздері де өз іс-әрекетіне қанағаттанбайды. Олардың қабілеттеріне тосқауыл қойылады, өйткені дәстүрлі оқыту орта деңгейдегі оқушыға бағытталған. Ал бұл өте қабілетті балалар үшін орны толмас өкініш, үлкен қатер. Осы мәселені шешудің бірден бір жолы – мектептің оқу тәрбие үрдісіне жаңа педагогикалық технологияны ендіру [7; 76].

Дәстүрлі оқытуда, мұғалім өз оқушыларының адамгершілік тұрғыда қалыптасуын қамтамасыз ете алмайды, оның мүмкіндігі шектеулі, әсіресе бір емес бірнеше мұғалім жұмыс істейтін жоғары сыныптарда бұл мәселені шешу тіпті де мүмкін емес. Ал тек бір ғана мұғалім беретін бастауыш сыныпта мұғалімнің сыныпқа адамгершілік ықпалы жоғары сынып оқушыларына қарағанда ықпалдырақ. Әрбір мұғалімнің, әр пән мұғалімінің мақсаты – тек өз сабағында оқушылар тәртіп сақтап, өз пәнін меңгертіп, ал басқа сабақтарда, үйде, сабақтан тыс уақыттарда немен шұғылданатындарында шаруалары жоқ. Яғни, көріп отырғанымыздай тәрбие үрдісінен бөлек, оқшауланған үрдіс болып қала береді. Ал жаңа технологиялық педагогиканы пайдалануда бұл екі үрдіс бір-бірімен тұтастықта қарастырылады. Яғни өздігінен білім алу үрдісінде оқушы өзін-өзі түзетеді, өзін-өзі бақылайды, өзін-өзі бағалайды, өзін-өзі тәрбиелейді.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, дәстүрлі оқыту жүйесінде педагогтың тәрбиелеу мен оқытудың объективті мүмкіндіктері шектеулі екендігін көреміз:

- мұғалімнің әрбір оқушыны әр тақырып бойынша тексеруге мүмкіндігі жоқ;
- егер мұғалімнің әрбір оқушыны әр тақырып бойынша тексеруге мүмкіндігі болса (кейбір озат мұғалімдер сияқты), әр оқушының біліміндегі олқылықтарды жоюға уақыты бола бермейді (әр оқушымен 3 минут отырғанның өзінде 30 оқушымен қосымша 90 минут, яғни, 1,5 сағат уақыт жұмсауы қажет!);

- мұғалім оқушыларды өз бетінше оқулықпен, әдебиет көздерімен жұмыс жасауға үйретпейінше, білімді өз бетінше меңгеруге үйрете алмайды;
- мұғалім бір сабақта оқушылардың өз пәніне деген үлкен қызығушылықтарын қанағаттандыра алмайды, ол үшін қосымша сабақтар болуы қажет;
- дәстүрлі оқыту жүйесінде мұғалімнің әрбір оқушыны тәрбиелеу мүмкіндігі шектеулі.

Осындай және т.б. келеңсіз құбылыстарды болдырмау үшін білім беру жүйесіне жаңа педагогикалық технологияны ендіру қажеттілігі туындап отыр. Егер дәстүрлі оқытуда басты рөлді мұғалім атқарса, ал енді оқыту үрдісінде белсенді рөлді оқушы атқарады: оқушыны оқытпайды, ол білімді өзі іздейді, меңгереді [3; 81].

#### Әдебиет тізімі

- 1 Барсай, Б.Т. Бастауыш сынып қазақ тілін оқытуда инновациялық технологияларды қолдануға болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастыру [Мәтін]: / Б.Т. Барсай. Пед.ғыл. канд. ... автореф. – 2009. – 34 б.
- 2 Бұзаубақова, К.Ж. Жаңа педагогикалық технология» тренингі [Мәтін]: оқу-әдістемелік құрал / К.Ж. Бұзаубақова. – Алматы: [б.ж.], 2015. – 54 б.
- 3 Қабдықайырұлы, Қ. Оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы [Мәтін] / Қ. Қабдықайырұлы, В.М. Монахов, Л.Н. Оразбекова. – Алматы: [б.ж.], 2009. – 149 б.
- 4 Нағымжанова, М. Инновациялық оқыту жағдайларындағы мұғалім қызметінің психологиялық-педагогикалық негіздері [Мәтін] / М. Нағымжанова. – Өскемен: [б.ж.], 1999. – 132 б.
- 5 Мұхаметқали, М.М. Жалпы орта білім беретін мектептердің гуманитарлық пәндер мұғалімдерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын жетілдіру [Мәтін] / М.М. Мұхаметқали. Пед. ғыл. канд. ... автореф. – Өскемен: [б.ж.], 2005. – 31 б.
- 6 Педагогика [Мәтін]. Дәріс курсы / Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының авторлар ұжымы. – Алматы: [б.ж.], 2003. – 369 б.
- 7 Педагогикалық ізденіс [Мәтін]. – Алматы: [б.ж.], 2009. – 580 б.

*Мәлімет редакцияға түсті: 13.10.2017*

**АЛИЕВА, Д.А., АБДРАШЕВА, А.К.**

#### **ФОРМИРОВАНИЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКИ ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ К ИННОВАЦИОННОМУ ОБУЧЕНИЮ**

*На сегодняшний день с целью вхождения Казахстана в мировое образовательное пространство проводятся кардинальные изменения в сфере образования. Совершенствование процесса обучения студентов для жизни в меняющемся обществе требует различной всесторонней подготовки. Организация процесса обучения по-новому, с расширением возможностей, тесно связана с профессиональным мастерством учителя.*

**Ключевые слова:** *инновационные технологии, конкурентоспособное образование в мировом пространстве, обучение учителей в инновационной деятельности, формирование готовности.*

**ALIEVA, D.A., ABDRASHEVA, A.K.**

#### **THE FORMATION OF THE PEDAGOGICAL TRAINING OF TEACHERS TO INNOVATIVE LEARNING**

*In total, dramatic changes in the sphere of education are being created in accordance with the goal of entering the world educational space of Kazakhstan. The direction of improving students for life in a changing society requires various comprehensive training. The organization of the learning process in a new way, with the expansion of opportunities is closely related to the professional skill of the teacher.*

**Keywords:** *innovative technologies, competitive education in outer space, competitive education in outer space, in educating of teachers in innovative activity, forming of readiness.*